**Түркістан облысының адами әлеуметті дамыту басқармасы**

**«№18 колледж»МКҚК – ның жинаклысының**

**Хаттамасы**

Шұбар ауылы 05.05.2023ж

Жиналысқа қатысқандар саны 45 (қырық бес) Колледж әкімшілігі қызметкерлері, жалпы саны 45 (қырық бес) Колледж әкімшілігі қызметкерлері,жалпы және арнайы пән оқытушылары.

Жиналыс төрағасы «№18 колледж» МКҚК директоры Ж.Ақтөре

Хатшы:У.Дурманова

**Күн тәртібінде:**

1.Квазимемлекетік сектор субьектілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет ережесі туралы.»Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл әрекеттерін және онымен күресті одан әрі жандандыру туралы»

ДТІЖ орынбасары комплаенс офицері А.Серікбаев комплаенс қызметі туралы ережемен таныстырды.Осы үлгілік ережеде манандай негізгі ұғымдар пайдаланылады;

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-квазимемлекеттік сектор субьектілері мен оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету жөніндегі функция;

2) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін себептермен жағдайларды анықтау және зерделеу;

3) мүделер қақтығысы-жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың,мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың,оларға теңестірілген адамдардың,лауазымды адамдардың жеке мүделері мен олардың лауазымдық өкілеттіліктері арасындағы қайшылық,мұндай жағдайда аталған адамдардың жеке мүделері олардың өз лауазымдық міндеттерін орындамауға және тиісінше орындамауына алып келуі мүмкін;

4) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық-заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген,сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қарсы кінәлі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетміздік);

5) сыбайлас жемқорлық тәуекелі-сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға ықпалететіе себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

6)  сыбайлас жемқорлықтың алдын алу-сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субьектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу жолымен сыбайлас жемқопрлық құқық бұзушылықтар  жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу,анықтау,шектеу және жою жөніндгі  қызметі,қысқы және жазғы сессия кезіндегі емтихан жүйесін бақылау;

7)  сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган-Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын қалыптастыруды және іске асыруды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы үйлестіруді,сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу,анықтауды,жолын кесуді,ашуды және тергеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган және оның аумақтық бөлімшелері.

Жиналыс соңында қатысушылардың сұрақтары жеке-жеке тыңдалып,жауап берілді.

Жиналыс төрағасы Ж. Ақтөре : Қорытындлылай келе,сыбайлас жемқорлықпен күрес нәтижелі болу үшін  бүкіл әлеумет,әр азамат оған қарсы тұруға шешім қабылдау керек,ал мемлекеттік басқару құзырлы әрі тиімді болу қажет,сонда ғана жемқорлыққа жол берілмесі анық деп,өз ойын айтып өтті.

**Қаулы:** Күн  тәртібіндегі  мәселе  үнемі  назарда  ұсталынсын

Хатшы:                                        У.Дурманова